

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ
PHYSICAL AND MATHEMATICAL SCIENCES

FTAMP 14.01.29

ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ БҮГІНГІ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Г.Ж. СУЛЕЙМЕНОВА, А.М. БАЙГАНОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Кәзіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқын дамуы күнделікті тіршілікте қоғамға қажеттілігімен өлшенеді. Цифрландыру мәселесінің өзге мемлекеттер қатарында Қазақстанда қолға алынуының, түрлі іс-әрекеттерінің жүзеге асырылуының маңыздылығы айқын. Түрлі қоғамдық қолайсыз жағдайларда оқу үрдісін қашықтықтан білім алу арқылы жалғастыруда, түрлі елді-мекендердегі адамдар арасында жалпы байланыстар, оның ішінде іскерлік байланыстарды орнатудағы цифрландырылу технологиясының орны ерекше. Әсіресе білім саласы осы орайда негізгі нысандардың бірі.

Түйін сөздер: ақпараттандыру технологиясы, цифрлық сауаттылық, білім саласы, ғаламтор, электрондық журнал, күнделік, ғылым, білім.

Аннотация: В современном мире неизбежно использование технологических возможностей для решения многих проблем в обществе. Решение вопросов цифровизации в Казахстане, наряду с зарубежными странами, реализация различных действий по ее применению значимо. В условиях различных негативных явлений в обществе продолжение учебного процесса путем дистанционного образования, установление связей между людьми с разных населенных пунктов, в частности деловых связей, важно место цифровой технологий. Одним из особенных объектов является сфера образования.

Ключевые слова: информационные технологии, цифровая грамотность, сфера образования, интернет, электронный журнал, дневник, наука, знание.

Annotation: In the modern world, it is inevitable to use technological opportunities to solve many problems in society. Solving the issues of digitalization in Kazakhstan, along with foreign countries, the implementation of various actions on its application is significant. In the context of various negative phenomena in society, the continuation of the educational process through distance education, the establishment of connections between people from different localities, in particular business ties, is important for the place of digital technologies. One of the special objects is the sphere of education.

Key words: information technologies, digital literacy, sphere of education, Internet, electronic journal, diary, science, knowledge.

Еліміздің, ұлтымыздың кәзіргі таңда білім бағытындағы даму жағдайы әр тұлғаны алаңдатады. Болашағы білім-ғылыммен қаруланған келешек өскелең ұрпақтың қолында. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан істердің білім саласындағы нақты нәтижесі өте маңызды [1]. Бүгінгі Интернет ғаламторының қарқынды

дамуы жаңа ақпараттық мәдениет қалыптастырады. Адами капиталды дамыту бағыты бойынша білім берудің басқару жүйесін құру, бастауыш білім беруде бағдарламалау негіздерін 2-сыныптан енгізу, жетекші АКТ мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту сияқты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, заманауи трендтерді ескере отырып, студенттердің цифрлы дағдыларын арттыру мақсатында еліміздегі жоғары оқу орындарының базасында құзыреттілік орталықтарын ашу көзделген.

Дүниежүзін күйзеліске ұшыратқан келеңсіз жағдай кезінде **цифрлық технологиялар**дың маңыздылығы зор екендігіне тағы бір мәрте көзіміз жетті. Ғаламшарда өзіміздің өмір сүруіміз қиындаған шақта, егер де үлкендігі бір тал шаштың қалыңдығының 0,01 бөлігін құрайтын кішкентай вирус, ғылымы дамыған адамзатқа ырық бермей тұрса, бұл ғаламшар біздікі деу бұрыстық болар. Осындай қолайсыз жағдайда цифрландырылу технологиясының нәтижесінде қашықтықтан білім алу әдісіоқтайлы шешімін табуда [2].

Бүгінде электронды журналдар мен күнделіктер жүйесі республика бойынша 6 мыңнан астам мектептерде енгізілен [3]. Электронды журналға қойылған баға автоматты түрде оқушының күнделігіне түсу жүйесі, үйге берілген тапсырманы қарау мүмкіндігі және сол себепті Бүгінгі таңда жүйеде 300 мыңға жуық мұғалім мен 2,5 млн астам оқушы және 1,5 млн астам ата-ана тіркелуі, оның мобильді нұсқасы әзірленуі білім бағытын цифрландырудың оң көрсеткіштері.

Алайда, еліміздің кейбір ауылдарының интернетпен толық қамтылмағаны жасырын емес. Сондықтан, мұғалімдердің қағазбастылықтан толық босамағаны байқалады.

Осы орайда, Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №615 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарымен білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» бұйрығына енгізілген өзгерістерде орта білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған кезде құжаттар тек электронды түрде толтырылатындығы мен оларды қағаздық нұсқада толтыру қажет еместігі айтылған [4]. Әр ауылдарды интернетпен қамтамасыз ету және мектептерде компьютер жетіспеушілік мәселелерін шешу арқылы мемлекет цифрландыру бағдарламасын білім саласында толық игердік деп айта алатыны сөзсіз.

Күнделікті кездесетін қоғам арасындағы пікірлерден туындаған цифрлы сауаттылықты жоғарлату мәселесі, мұғалімдер мен ата-аналарға ақпараттық базаларды қолдануды сауатты үйрету кәзіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі екендігі анық.

2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының бес бағыты, яғни айтқанда «Экономика салаларын цифрландыру», «Цифрлы мемлекетке көшу», «Цифрлы Жібек жолын жүзеге асыру», «Адам капиталын дамыту», «Инновациялық экожүйені құру» бағыттары бойынша кәзіргі таңда толыққанды істер жүзеге асырылуда [5].

Цифрландыру мәселесінде ең алдымен адамдардың цифрлық сауаттылығы маңызды орын алады. Адамдардың заманауи технологияларды қолдану деңгейі артқан сайын цифрландыру белсенділігі күшейе түседі. Отандық сарапшылардың зерттеуінше 2018 жылы Қазақстан халқының дербес компьютер, смартфон, планшет, ноутбук, стандартты бағдарлама мен интернетті қолдану деңгейі 79,6 пайызды құрады. 2017 жылы бұл көрсеткіш 77,1 пайыз болған. Ал кәзіргі таңда шамамен 95 пайызға өсті [6].

Қағаз жүзіндегі жұмыстар электронды нұсқаға көшірілуі көңілді құантарлық іс.

«Білім экономикасына» көшу арқылы креативті қоғам құрудың бүгінгі күні қолға алынуы болашаққа зор үмітпен қарауға, өскелең ұрпақтың сауатты, жан-жақты болуына сілтейтін жол ашылуын байқатады. Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында экономиканың жедел технологиялық дамуына жол ашып, цифрландыру мәселесіне ерекше ден қою –Елбасы қойып отырған маңызды стратегиялық міндет [7].

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде білім беруді басқару жүйесі білім алушылардың есебі мен қозғалысын, ресурстардың республикалық есебін автоматтандыруды, кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру бойынша мемлекеттік тапсырыс бюджетін талдау мен жоспарлауды, білім беру ұйымдарын ресурстармен қамтамасыз етуді, білім беру ұйымдарының қызметін бақылауды жоспарлау мен жүргізуді көздейді. Білім алушылардың, оқытушылар мен әкімшілік құрамның, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру саласындағы білім беру ұйымдарының өмірлік циклін басқару және мониторинг жүргізу-жобаның негізгі мақсаты болып табылады [8].

Аталған мәселелердің бәрі цифрландырудың бірінші — ақпараттандыру сатысы. Мемлекет алдында автоматтандыру, роботтандыру һәм жасанды интеллект игіліктерін енгізу мәселелері тұр. «Цифрлық мектеп» технологиясы әлемде ешбір баламасы жоқ. «Цифрлық мектеп» бағдарламасының алғашқы нұсқасында білім алуға кіріскен сәттен бастап-ақ оқушы зерделейтін әлемнің нақты бет-бейнесін, яғни әрбір заттың қасиетін, сол қасиеттерге ие элементтердің және сол элементтердің өзара байланысын көрсететін нақты жүйе жасалды[9]. Оқу материалдары белгілі бір жүйеге біріктіріліп, бала әлемнің объективті моделін көре алатын болды.

Тарих ғылымы да жаңа ақпараттық құралдарды игеру жолына түсті. Бұл өзгерістер тарихты зерттеу әдістеріне және білімді ақпараттандыруға түбегейлі әсер етті.

Ғаламторға қосылған тарихшы-зерттеушілер санының көбеюіне байланысты тарихи мәліметтер орын жасау және жүйелеу (каталогтау) қажеттігі өсті. Еуропа, АҚШ, Ресей

тарихшыларының кәсіби қауымдастықтары ғылыми мазмұндағы және білім беру мақсатындағы электрондық қорлар жасаумен айналысуда[10]. Бұл тарихи зерттеулер жүргізуде және білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану үшін жаңа көкжиектер ашып бергені сөзсіз. Ғылым мен білімнің осындай ақпараттану заманында, ғаламдық ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің қалыптасуы ғалым-педагогтарға ерекше талаптар қойып отыр.

Болашақ оқытушы-педагог әрі зерттеушінің жалпы ақпараттық білімі мен ақпараттық мәдениетін тереңдету, ғылыми мәліметтерді іздеудің, талдаудың және жүйелеудің ақпараттық-компьютерлік технологияларын игерту, электронды ғылыми жарияланымдар мен тұсау кесерлер әзірлеудің қазіргі заманғы әдістерін меңгерту; білім берудің қазіргі электрондық құралдарын пайдалануды меңгерту және сонымен бірге электрондық оқу-әдістемелік кешенді жасау жолдарын үйрету - білім саласындағы басты мәселелер[11].

Сонымен, цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті, ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, XXI ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек[12]. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.

Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Кейбір адамдар әлі күнге дейін цифрлау үрдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталастарда. Цифрландыру процесті және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен аяқтауды, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді[13],

Білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етіп тұрған мәселе- ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді талап етуі және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруі.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді[8].

Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар

дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты [14]. Орталық Азиядағы көптеген елдер үшін, білім беру жүйесін жаңғырту мәселесі әлі де өзекті болып қалуда. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей және білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет екендігін күнделікті өмірден байқап отырғанымыздай, екінші жоғары білім алып жатқан азаматтар үшін де, қоғамның жалпы түрлі саяси, әлеуметтік жағдайлары туындаған кезеңдерде де ақпараттық, цифрлық технологиялардың құдыретінің арқасында білім саласының оқу үрдісі жүйелілігін жоймауда. Ол ғылым мен техниканың озғаны деп білеміз.

Жағымсыз жағына көз жүгіртсек, денсаулық жағдайына жаңа технологиялардың әсері әрине бар. Жас өспірімдердің техникамен жұмыс істеуі үшін рұқсат етілген, қатаң тексерілген санитарлық-гигиеналық нормалар болуға тиіс. Адам денсаулығын сақтау мақсатында арнайы медициналық тосқауылдар қойылуы қажет

Телеарна, радио, пошта және интернет жүйелерін кең көлемде пайдалану арқылы білім саласы қашықтықтан оқыту бағыты бойынша оңтайлы жұмыс атқарды. Алайда, кейбір мәселелерді ой елегінен өткізген жөн. Мәселен, «Күнделік.kz» алғашқы күннен-ақ ойдағыдай жұмыс атқармады. Бұл ата-аналарды әуреге салу факторларына жолықтырды. Осы тұста бұл қашықтықтан білім алу оқушылардың ғана емес ата-аналардың да жүйкесін біраз тоздыратындығын көрсеткендей [15]. Дегенмен, заман талабына сай еліміздің білім саласы қарқынды цифрландырылып дамуы әр азаматты қуантады.

Болашағымыз жастарға мемлекет тарапынан жасалар істер әлі де көп. Білім алудағы кездесетін техникалық жетіспеушіліктер әлі де еліміз цифрландыру технологиясын толық меңгермегенін білдіреді.

АҚШ пен салыстырар болсақ, тәуелсіздік алғанына 30 жыл болғанда дәл біз секілді мемлекет бола алды ма?! Біздің бәсекеге қабілетті мемлекетіміз әлі талай биіктерді бағындырып, «Цифрлы Қазақстан» өз деңгейіне жететініне үміттенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. ҚР Президенті Қазақстан Халқына Жолдауы//Егеменді Қазақстан, 2017 , 31қаңтар
2. М. Рахатқызы. Цифрлық мектеп — білім саласын автоматтандырудың бірегей жобасы//Ақтөбе газеті, 2019, 25 сәуір.
3. Жоғары палата Төрағасы Қ.Тоқаевтың Мемлекет басшысының «Цифрлық Қазақстан» тапсырмасының орындалуы және көңіл аударылуға тиісті басты мәселелер туралы сөзіне тұжырымдамасы-2018 ж.
4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, 2019 ж.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.

6. А. Асанкелдіұлы. Білім саласын цифрландыру мәселесі қаралды // Егеменді Қазақстан, 2018, 20 наурыз- Б. 21.
7. Білім және ғылым вице-министрі Рүстем Айдарбекұлы Биғари «Цифрлы Қазақстан» 03. 10.18 ж.
8. Цифрлық сауаттылық артып келеді [Электрондық ресурс]. —<http://ult.kz/post/tsifrylyk-sauattylyk-artyp-keledi>
9. Ш.А. Курманбаева, К.А. Тулентаева. «Цифрлы Қазақстан: білім беру саласы мәселелері», (Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті), 2019 ж.
10. А. Иманбаева. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру бірлігі. Қазақстан мектебі, №2,2013 ж.. 36 б.
11. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012ж.
12. Цифрландыру – ел дамуының басты кепілі – А.Оспанов <https://egemen.kz/article/170772-tsifrandyru-%E2%80%93-el-damuynynh-basty-kepili%E2%80%93-a-ospanov,%C2%A9-egemen.kz>
13. Цифрлық Қазақстан: цифрландыру саласында атқарылуы тиіс жұмыстар әлі де көп. «Жаналықтар» бағдарламасы, сәуір 2019 ж.
14. <http://www.government.kz/kz/news/interviews/cifrovoy-kazahstan-nam-eshche-mnogoe-nuzhno-ocifrovat-1532110>
15. А. Курманбаева, К.А. Тулентаева. Цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа негізгі бағыт. Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті

ҒТАМР 65.85.62

ЖАРНАМАНЫ СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Г.М. ЖҰБАТҚАН, К.П. АМАН

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Соса-Cola өнімдерінің жарнамасының вервальды емес мағынасын семиотикалық талдау зерттелген. Бұл мақалада үш бөлікке бөлінетін кинетикалық хабарларды қамтитын Соса Cola жарнамаларындағы үш негізгі компонентке назар аударылды: мимикалық хабарлар, кимыл хабарламалары және постуральды хабарламалар. Зерттеу әдісі Чарльз Сандер Пирстің семиотикалық анализін қолдану арқылы деректерді талдау әдістемесі бар сапалы сипаттаманы қарастырған. Зерттеудің нәтижесінде Соса Cola